




Жеке туратын ыдыс жуу машинасы



SmartHome



**Қосымшаны
жүктеу және
құрылғыны қосу**

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

**MFD60S160Wi-C
MFD60S160Si-C**

Ескерту: Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны болашақта пайдалану үшін сақтап қойыңыз. Дизайн мен техникалық сипаттамалар өнімді жақсарту мақсатында ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Толық мәлімет үшін дилерге немесе өндірушіге хабарласыңыз.

Нұсқаулықтағы барлық суреттер схемалық түрде болып табылады және түпнұсқадан айырмашылықтары болуы мүмкін.

АЛҒЫС ХАТ

Midea техникасын сатып алғаныңыз үшін рахмет! Қолданар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны кейінірек пайдалану үшін сақтаңыз. Осы Нұсқаулықтың мәтінінде сіз құрылғының дұрыс жұмыс істеуі және қызмет көрсетуі туралы қажетті ақпаратты таба аласыз. Аталған сақтық шараларын сақтау тұрмыстық техниканы пайдалану барысында сіздің уақытыңыз бен қаражатыңызды үнемдеуге көмектеседі.

KZ

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫС ХАТ	01
ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ	02
ҚҰРЫЛҒЫ СИПАТЫ	08
ҚҰРЫЛҒЫ СИПАТТАМАСЫ	10
ҚЫСҚАША ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛЫҒЫ	11
ҚҰРЫЛҒЫНЫ ОРНАТУ	12
ЖҰМЫС ТӘРТІБІ	16
ҚАШЫҚТЫҚТАН БАСҚАРУ	32
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ КҮТІМ	34
АҚАУЛЫҚТЫ ЖОЮ	37
ТАУАР БЕЛГІЛЕРІ, АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ЕСКЕРТУЛЕР	41
ДҰРЫС КӘДЕГЕ ЖАРАТУ	42
ТЕХНИКАЛЫҚ АҚПАРАТ	43
ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ ХАБАРЛАМАСЫ	44

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Қолдану аймағы

- Бұл қауіпсіздік ережелері құрылғының қауіпті немесе дұрыс жұмыс істемеуі нәтижесінде күтпеген қауіптердің немесе зақымданудың алдын алуға арналған. Өтініш, өзіңізді сенімді сезіну үшін және қауіпсіз қолдану үшін өнімді және оның қаптамасын сатып әкелген соң тексеріңіз. Егер сіз қандай да бір зақым тапсаңыз, сатушыға немесе дилерге хабарласыңыз.

Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін құрылғыны жетілдіруге немесе өзгертуге жол берілмейтінін ескеріңіз.

Байқаусыз қолдану қауіпке және өнімдің кепілдік талаптары жойылуына себеп болуы мүмкін.

KZ

Ескерту белгілері

ҚАУІП



Бұл белгі жанғыш газдың әсерінен адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретінін көрсетеді.



ЭЛЕКТР КЕРНЕУІ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ

Бұл белгі кернеудің салдарынан адам өмірі мен денсаулығына қауіп төніп тұрғанын білдіреді.

Ескертпе



Бұл белгі өлімге немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін орташа қауіпті көрсетеді.



Абай болыңыз

Бұл белгі жеңіл немесе орташа жарақатқа әкелуі мүмкін төмен қауіпті көрсетеді.



Назар аударыңыз

Сигнал сөзі маңызды ақпаратты (мысалы, мүліктің зақымдалуын) көрсетеді, бірақ адам өміріне қауіп төндірмейді.



Нұсқаулықтарды орындаңыз

Бұл белгі мұны тек техникалық нұсқауларға сәйкес білікті маман жасауы керек екенін көрсетеді.

Құрылғыны пайдалану/іске қосу алдында осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз және оны кейінірек пайдалану үшін пайдалану орнына жақын жерде сақтаңыз!

ҚАУІП: Өрт/жанғыш материалдар қаупі

- Егер машина зақымдалған болса, оны өндіруші, қызмет көрсету агенті немесе ұқсас біліктілігі бар адамдар жөндегенге дейін пайдалану мүмкін емес.
- Электр тоғының соғу қаупі бар!
- Бұл құрылғы тұрмыстық және сол сияқты ұқсас мақсаттарда пайдалануға арналған, мысалы:
- Дүкендердегі, кеңселердегі және басқа да қызметтік бөлмелердегі қызметкерлерге арналған асүйлер;

-Шаруа қожалығында;

-Қонақ үйлер, мотельдер және қонақтарды орналастырумен байланысты тұрғын үйдің басқа түрлері;

-«Төсек және таңғы ас» түріндегі тұру жағдайлары бар қонақ үйлер;

Бұл құрылғыны 8 жасқа дейінгі балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі және тәжірибесі немесе білімі жеткіліксіз адамдар тек олардың қауіпсіздігіне жауапты адамның бақылауында болғанда немесе электр құралын қауіпсіз пайдалануға мүмкіндік беретін және оны пайдаланумен байланысты қауіп туралы түсінік беретін тиісті нұсқаулар алған жағдайда ғана пайдалана алады.

Балаларға құрылғымен ойнауға болмайды.

Бұл құрылғы тек үй ішінде пайдалануға арналған.

Электр тоғының соғу қаупін болдырмау үшін құрылғыны, сымды немесе ашаны суға немесе басқа сұйықтыққа батырмаңыз.

Құрылғыны тазалау және техникалық қызмет көрсету алдында оны ажыратыңыз.

Құрылғыны тазалау үшін жұмсақ жуғыш затпен суланған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз, содан кейін оны құрғақ шүберекпен сүртіңіз.

Егер қуат сымы зақымдалған болса, қауіп-қатерді болдырмау мақсатында оны өндіруші, қызмет көрсету агенті немесе білікті мамандаяыруы керек.

- Егер сіз жылжымалы үй ішінде ыдыс жуу машинасын пайдалансаңыз, оны көлік тұрақта тұрғанда ғана пайдаланыңыз.
- Жуғыш заттар мен тазалау құралдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

KZ

Жерге тұйықталу нұсқаулығы

- Бұл құрылғы жерге тұйықталған болуы қажет. Ақаулық немесе бұзылу жағдайында жерге тұйықталу электр тоғының кедергісі ең аз жолды қамтамасыз ету арқылы электр тоғының соғу қаупін азайтады. Бұл құрылғы жерге тұйықталған сыммен жабдықталған. Аша жерге тұйықталған және ережелерге сәйкес дұрыс жабдықталған розеткаға қосылуы тиіс. Дұрыс жерге тұйықталмаған жағдайда құрылғыны қосу электр тоғынан жарақаттануға әкеледі. Егер құрылғының жерге дұрыс тұйықталғанына күмән келтірсеңіз, білікті электрикке немесе техникалық қызмет көрсету маманына хабарласыңыз. Құрылғымен бірге берілген аша розеткаға дұрыс келмеген жағдайда ауыстырмаңыз. Білікті маманға дұрыс келетін розетканы орналастыруды тапсырыңыз. Ыдыс-аяқ жуатын машинаның есігіне немесе ыдыс салатын себетіне отырмаңыз және мінбеңіз. Ыдыс-аяқ жуатын машинаның барлық панелдері дұрыс қосылмағанға дейін машинаны қоспаңыз. Құрылғыны электр желісінен ажырату үшін қуат сымын тартпаңыз. Құрылғыны тек ашаны ұстап тұрып ажыратыңыз. Ыдыс-аяқ жуатын машина істеп тұрған кезде есігін байқап ашыңыз,

су шашырау қатері бар.

- . Ашық есіктің үстіне ауыр заттарды қоймаңыз және оның үстіне шықпаңыз. Құрылғы алдына қарай аударылуы мүмкін.
- . Ыдыстарды жүктегенге дейін:
 - 1) Өткір заттарды есік тығыздауыша тимейтіндей етіп орналастырыңыз;
- . Ескерту: Пышақтар мен өткір ұштары бар басқа заттарды себетке төмен қаратып салу керек немесе көлденең күйде орналастыру керек. Ыдыс жуу машинасының кейбір жуғыш құралдарының жоғары күйдіргіштігі бар. Жұтқан жағдайда өте қауіпті болуы мүмкін.

Көзге және теріге тиюінен сақтаныңыз және балаларды ыдыс-аяқ жуатын машинаның есігі ашық тұрған кезде жақындатпаңыз.

Ыдыс-аяқтар жуғыш құралдары қалдықтарының қалмағанын тексеріңіз.

Пластикалық заттарды ыдыс жуу машинасында жуу қауіпсіздігі туралы белгі болмаса, оларды жууға тыйым салынады. Егер пластикалық заттарда мұндай белгі болмаса, өндірушінің ұсыныстарын тексеру керек. Тек ыдыс-аяқ жуатын машиналарына арналған жуғыш және шаю құралдарын қолданыңыз.

Ешқашан сабын, киім жуатын ұнтақ немесе қол жуатын сусабындарын ыдыс-аяқ жуатын машинада қолданбаңыз.

Есікті құлап түсу мүмкіндігін азайту үшін ешқашан ашық қалдырмаңыз.

Орнату кезінде қуат сымы шамадан тыс майыспауы немесе қысылмауы керек.

Басқару тетігіне тиіспеңіз.

Құрылғыны розеткаға кіру еркін болатындай етіп орнатыңыз.


Су құбырына қосылу үшін құрылғымен бірге келетін жаңа шланг жиынтығын пайдалану керек, ал ескі шланг жиынтығын қайта пайдалануға болмайды.

- Қуатты сақтау үшін құрылғы 15 минут істемей тұрған кезде автоматты түрде қолданушының көмегінсіз өшеді.
- Ең көп жууға болатын ыдыс-аяқ саны – 14.
- Ең көп қосуға болатын су қысымы - 1МПа.
- Ең аз қосуға болатын су қысымы - 0.04МПа.

Кәдеге жарату жөніндегі нұсқаулық

- Құрылғыны және қаптаманы кәдеге жарату үшін қайта өңдеу орталығына баруды барыңыз. Қайта өңдеуден бұрын қуат сымын кесіңіз және есікті жабу құрылғысын жарамсыз етіңіз.
- Картон қаптамасы қайта өңделген қағаздан жасалған және макулатура сияқты жойылуы керек.
- Бұл өнімді дұрыс жоюды қамтамасыз ету арқылы сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына ықтимал жағымсыз әсерлердің алдын алуға көмектесесіз.
- Бұл өнімді қайта өңдеу туралы қосымша ақпарат алу үшін жергілікті қалалық кеңсеге және тұрмыстық қалдықтарды жою қызметіне хабарласыңыз.
- КӘДЕГЕ ЖАРАТУ: бұл өнімді сұрыпталмаған тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Мұндай қалдықтарды арнайы өңдеу үшін бөлек жинау қажет.

ҚҰРЫЛҒЫ СИПАТЫ



KZ

Биіктігі (Б)	845 мм
Ені (Е)	598 мм
Тереңдігі (Т1)	600 мм (есік жабық кезінде)
Тереңдігі (Т2)	1175 мм (есік 90° ашылған кезде)

Техникалық сипаттама

ЕО 1016/2010 және 1059/2010 директиваларына сәйкес тұрмыстық ыдыс жуғыш машина парағы:

Бренд	MIDEA
Үлгі	MFD60S160Wi-C MFD60S160Si-C
Стандартты жиынтықтардың сыйымдылығы	14
Энергия тиімділігі класы ❶	A
Жылдық энергия тұтынуы ❷	266 кВт/сағ
Стандартты бағдарламасы циклының энергия шығыны	0,937 кВт/сағ
Өшірулі режимде қуат тұтыну	0,45 Вт
Күту режимінде қуат тұтыну	0,49 Вт
Жылдық су тұтынуы ❸	3080 литр
Кептіру тиімділігі класы ❹	A
Жуудың стандартты бағдарламасы ❺	ECO 45°C
Стандартты бағдарламаның ұзақтығы	220 минут
Шу деңгейі	49 дБ(А)
Орнату түрі	Жеке тұратын
Кіріктірілген болуы мүмкін	ИӨ
Номиналды қуаты	1760-2100 Вт
Электр қуат көзі	220-240В-/50 Гц 0,04-1,0
Су қысымы (ағын қысымы)	МПа=0,4-10 бар

☰ Назар аударыңыз

- ❶ А-дан (ең жоғары тиімділік) G -ға дейін (ең төменгі тиімділік)
- ❷ Энергия тұтынуы суық су қолданысы мен 280 стандарт жуу циклына және аз қуат тұтыну тәртібіне байланысты. Энергияны нақты тұтыну құрылғының қалай қолданылатынына байланысты болады.
- ❸ Жылына суды тұтыну 280 стандартты жуу циклына негізделген. Суды нақты тұтыну құрылғының қалай қолданылатынына байланысты.
- ❹ А - дан (ең жоғары тиімділік) G-ға дейін (ең төменгі тиімділік)
- ❺ Бұл бағдарламаны кір немесе орташа кір ыдыс-аяқты жууға қолдануға болады және су мен энергияны тұтыну тұрғысынан ең тиімді бағдарлама болып табылады.



ҚҰРЫЛҒЫ СИПАТТАМАСЫ

Сыртқы келбеті


● НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ыдыс жуу машинасын барынша тиімді пайдалану үшін бірінші рет қолданар алдында барлық пайдалану нұсқауларын оқып шығыңыз.

KZ



Ас үй аспаптары себеті



Ортаңғы бүріккіш

Жоғарғы себет

Шыны-аяқ сересі



Төменгі себет

● НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Сүреттер тек анықтама үшін қолданылған, басқа үлгілерде басқаша болуы мүмкін.

ҚЫСҚАША ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Құрылғының жұмысымен толық танысу үшін осы Нұсқаулықтағы тиісті тармақты оқыңыз.

1. Ыдыс-аяқ жуатын машинаны орнатыңыз


KZ




2. Ыдыстан қалдықтарды алып тастаңыз. Алдын ала шаймаңыз.




3. Себетті толтырыңыз.



4. Жуғыш және шаю құралдарын құйыңыз.



5. Керек бағдарламаны таңдаңыз және ыдыс-аяқ жуатын машинаны қосыңыз.



ҚҰРЫЛҒЫНЫ ОРНАТУ

⚠ ЕСКЕРТПЕ



Электр тоғының соғу қаупі
Ыдыс-аяқ жуатын машинаны орнаспас бұрын
электр қуатын өшіріңіз. Әйтпесе, бұл өлімге немесе
электр тоғының соғуына әкеледі.

KZ

⚠ Назар аударыңыз

Электр құрылғыларын және құбырларды тек білікті
мамандар істеуі керекті.

Электр желісіне қосу

⚠ ЕСКЕРТПЕ

Жеке қауіпсіздік үшін:

Бұл құрылғымен ұзартқыш немесе ұластырғышты қолданбаңыз.
Ешбір жағдайда жерге қосу клеммаларын қуат кабелінен ажыратпаңыз.

Бұл құрылғымен ұзартқыш немесе ұластырғышты қолданбаңыз. Ешбір
жағдайда жерге қосу клеммаларын қуат кабелінен ажыратпаңыз.

Электр қуатын қосуға қойылатын талаптар

Құрылғының корпусындағы жапсырмада электр желісінің қажетті кернеуі
туралы ақпарат бар; ыдыс жуу машинасын тиісті қуат көзіне қосыңыз.

10A/13A/16A сақтандырғышты, инерциялық сақтандырғышты немесе ұсынылған
автоматты ажыратқышты пайдаланыңыз және берілген құрылғы үшін бөлек ток
тізбегін қамтамасыз етіңіз.

ЭЛЕКТР ҚУАТЫН ҚОСУ

Желідегі электр тоғының кернеуі мен жиілігі таңбалауда көрсетілгендерге
сәйкес келуі тиіс. Желілік ашаны тек дұрыс жерге тұйықталған розеткаға қосу
керек. Егер аша құрылғы қосылатын розеткаға сәйкес келмесе, розетканы
ауыстырыңыз. Ұластырғыштарды немесе ұқсас жабдықты пайдаланбаңыз,
себебі оларды пайдалану қызып кетуге және өртке әкелуі мүмкін.


⚠ Қолданар алдында құрылғының жерге дұрыс тұйықталғанына көз
жеткізіңіз

Суық сумен жабдықтау желісіне қосылу

Суық сумен жабдықтау

Суық су беретін шлангты 3/4 дюймдік жалғаушы иінге
жалғап, оның мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Егер су құбырлары жаңа болса немесе ұзақ уақыт
пайдаланылмаса, судың таза екеніне көз жеткізу
үшін суды ашыңыз. Бұл сақтық шарасы су кіруін
бітеу және құрылғыға зақым келтіру қаупін
болдырмау үшін қажет.



Көдімгі шланг



Қауіпсіз шланг

⚠ Назар аударыңыз

Егер суық сумен жабдықтау шлангісі кранға сәйкес келмесе, адаптер алу үшін сантехника дүкеніне хабарласыңыз.

Қауіпсіз су шлангісі

Қауіпсіз су шлангісі екі қабырғалы болуы керек. Бұл жүйе ішкі шланг тығыздалмаған болса және шлангтың сыртқы және ішкі қабықтарының арасындағы кеңістік сумен толтырылған болса, су құбырының бітелуін қамтамасыз етеді.

KZ ⚠ ЕСКЕРТПЕ

Кранға қосылған құбыршек ыдыс-аяқ жаутын машина қосылған су тартқышқа қосылған болса жарылуы мүмкін. Егер де сіздің құбыршақта ондай бар болса құбыршекті үзіп тесікті жабу керекті.

Қауіпсіз шлангты жалғау

1. Шлангты құрылғының артқы жағындағы бөліктен босатыңыз.
2. Шлангтың қосылатын жағын 3/4 дюймдік су құбырының шүмегіне бұраңыз.
3. Ыдыс жуу машинасын іске қоспас бұрын су құбырын ашыңыз. Қосылымның беріктігін тексеріп, ағып кетудің жоқтығына көз жеткізіңіз.


Қауіпсіз шлангты қалай ажырату керек

1. Суды өшіріңіз.
2. Шлангты су шүмегінен бұрып алыңыз.

Су төгетін шлангты жалғау

Су төгетін шлангты диаметрі кемінде 40 мм көріз құбырына немесе раковинаға жалғаңыз. Қосылыстың қауіпсіз екеніне және ағып кетпейтіндігіне көз жеткізіңіз. Су төгетін шланг майысқан немесе қысылмауы керек. Су төгетін шлангтың биіктігі машинаның түбінен 1000 мм-ден аспауы керек. Шланг ұшы суға батпауы керек.

⚠ Су төгетін шлангты А әдісімен (раковина сифонына) немесе В әдісімен (тікелей көрізге) орнатыңыз.



Шлангтан артық суды ағызу

Егер құйылыс тесігі еденнен 100 см-ден астам биіктікте орналасса, су тарту жүйесіне тікелей ағып кете алмайды. Бұл жағдайда су төгетін шлангтың ұшы рұқсат етілген биіктік шегінде орналасқан қолайлы ыдыстарға (раковина және т.б.) ағызылуын қамтамасыз ету қажет.

Су төгетін шлангты жалғау

Су төгетін шлангты диаметрі кемінде 40 мм кәріз құбырына немесе раковинаға жалғаңыз. Қосылыстың сенімділігіне және ағып кетпеуіне көз жеткізіңіз. Су төгетін шлангты майыстыруға немесе қысуға болмайды.

KZ

Шлангты ұзарту

Су төгетін шлангты ұзарту қажет болса, қосымша шлангты пайдаланыңыз. Оның ұзындығы 4 метрден аспауы керек; әйтпесе жуу тиімділігі төмендеуі мүмкін.

Раковина сифонына қосу

Су төгетін шлангтың сифонға шығуы еденнен 1000 мм аспайтын биіктікте болуы тиіс.

Орнатуға дайындық

Ыдыс жуу машинасын сумен жабдықтау, су тарту және электрмен жабдықтау желілері қосылыстарының жанында орнату керек. Артқы жағы оның артындағы қабырғаға, бүйір жағы - шкафтың қабырғасына немесе қабырғаның бүйіріне жанасуы тиіс.


Ыдыс жуу машинасының шлангтары су құбыры және су төгетін құбырына қосылатын жағын таңдаңыз.

Құрылғыны орналастыру

Құрылғыны қалаған жеріңізде орналастырыңыз. Арты қабырғаға тірелуі, бүйір жақтары шкаф немесе қабырғаға тірелуі тиіс. Ыдыс-аяқ жуатын машинасының дұрыс орнатуды жеңілдету үшін оң немесе сол жаққа шығаруға болатын сумен жабдықтау және ағызу шлангтары бар.

Құрылғыны түзеу


Құрылғыны орнатқаннан кейін биіктігін түзеу үшін аяқтарының бұрандалы деңгейін реттеу арқылы өзгертуге болады. Қалай болғанда да, құрылғыны 2° - тан артық еңкейтуге болмайды.



Орнату (жеке тұратын үлгі)


1-нұсқа: шкафтар арасында орнату
Ыдыс жуу машинасының биіктігі 845 мм, ол ас үй элементтері арасына орнату үшін оңтайландырылған. Қажет болған жағдайда, биіктігін аяқтарды көтеру немесе төмендету арқылы реттеуге болады (төменде қараңыз).

Құрылғыны ас үй шкафтарының арасына оның үстіңгі панелі олардың үстіңгі бетімен (үстелдің үстіңгі тақтайы) бірдей болатындай етіп орналастырыңыз. Құрылғының жоғарғы панелі аз күтімді қажет етеді, ол сызаттарға, жылуға және бозаруға төзімді.



2-нұсқа: Ішінара кіріктіру
Ыдыс жуу машинасын үстелдің астына да орнатуға болады. Ол үшін жоғарғы панельді алып тастау керек, құрылғының биіктігі 815 мм-ге дейін төмендейді (аяқтарды реттеуді қоспағанда).

Жоғарғы панельді алу үшін панельдің астындағы машинаның артқы жағындағы 2 бұранданы (А) бұрап алыңыз. Панельді алып тастағаннан кейін оларды қайтадан бұраңыз (В).



▲ Абай болыңыз

Үстелді алып тастағаннан кейін, бұрандаларды үстелдің артқы жиегінің астына қайта бұрау керек (b).


Орнату орнын таңдау (ішінара орнату)

Ыдыс жуатын машинаны сумен жабдықтау, суды төгетін құбырға және электр қуат көзі желілері қосылыстарына жақын орнатқан жөн.

Шкафтың өлшемдері және құрылғының орналасуы суреті


1. Құрылғының үстіңгі жағы мен үстелдің үстіңгі жағы арасы 5 мм-ден аз.

Машинаның сәндік есігі шкафтың шетіне сәйкес келеді.




2. Машинаны гарнитураның бұрышына орналастырған кезде ашық есіктің бүйірінен шкафқа дейінгі қашықтық кемінде 50 мм болуы тиіс.

▲ Электр розеткасының қай жерде орналасқанына байланысты шкафтың қарама-қарсы бетінен саңылау тесу қажет болуы мүмкін.




ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

Басқару панелі



KZ



		Сипаттама
№ 1	Қосу/Өшіру	Ыдыс-аяқ жуатын машинаны қосу үшін басыңыз.
№ 2	Сымсыз желі	- Индикатор баяу жыпылықтайды: қосылымды күту. - Индикатор жылдам жыпылықтайды: қосылуда. - Индикатор үнемі жанып тұрады: сымсыз желіге қосылу орнатылды. Мобильді құрылғы (қолданба) ыдыс жуу машинасына бірінші рет қосылса, қосылымды растау үшін түймені 3 секундтан артық басыңыз. - Желіден ажыратқыңыз келсе, түймені 15 секундтан артық басып тұрыңыз.
№ 3	Бағдарлама	Тиісті жуу бағдарламасын таңдау үшін түймені басыңыз, сәйкес бағдарламаның индикаторы жанады.
№ 4	Жартылай жүктелген	Егер сізге барлық ыдыстардың жартысын немесе жартысынан азын жуу қажет болса, сіз энергия мен суды үнемдеу үшін осы мүмкіндікті таңдай аласыз. (Rapid, Machine Care+ бағдарламаларынан басқа)
№5	Кейінге шегерілген старт	Кейінге шегерілген старт уақытын орнату және ұзарту үшін түймені басыңыз.
№6	Қатты кептіру	Кептіру әсерін жақсарту үшін қосымша функция. (Rapid, Machine Care+ бағдарламаларынан басқа)

		Сипаттама
№6	 Қауіпсіздік құлпы	Бұл мүмкіндік балалардың машинаны байқаусызда іске қосуына жол бермеу үшін басқару панеліндегі түймелерді құлыптауға мүмкіндік береді. Тек қуат түймесі белсенді болып қалады. Басқару панеліндегі түймелерді құлыптау немесе құлпын ашу үшін түймені 3 секунд ұстап тұрыңыз.
№8	 Ion Dishfresh	Ion Dishfresh ыдыс жуғышты зарарсыздандырады, сонымен қатар оны иістен қорғайды. Осылайша, жаңа піскен тағамдар сіз үшін әрқашан дайын және сіздің тағамдарыңыздың дәмін жақсы сақтайды.
№9	 Старт/Пауза	Бағдарлама мен қосымша қызметтерді таңдау немесе кейінге шегерілген старттан кейін бастау үшін осы түймені басыңыз. Жуу бағдарламасын орындау кезінде есікті ашу арқылы тоқтатқаннан кейін ағымдағы бағдарлама мен қосымша қызметтерді болдырмау үшін осы түймені 3 секунд басып тұрыңыз.
№10 Бағдарлама индикаторлары	 IntensiveCare+	Қатып қалған тағам қалдықтары бар қатты ластанған ыдыс-аяқтар, сондай-ақ, көстрелдер, табалар және т.б. арналған.
	 Түн	Кешке жууға арналған шу деңгейі төмен және стандартты қуат тұтынатын бағдарлама.
	 ECO ECO	Орташа ластанған ыдыстарды жууға арналған стандартты бағдарлама - бұл ыдыстың осы түріне арналған энергия мен суды тұтыну тұрғысынан ең тиімді бағдарлама
	 90 минут	Стандартты ластанған ыдыс-аяқ үшін, ұзақтығы 90 мин.
	 Жылдам	Кептірусіз аз ластанған ыдыстарға арналған қысқа бағдарлама.
 №11 Бұлтты бағдарламалар	 Бұлтты бағдарламалар	Қолданба арқылы жуу бағдарламаларын немесе функцияларын таңдау. Қолданбада жуу бағдарламасы іске қосылмаған болса, әдепкі бойынша «Шыны» бағдарламасы таңдалады.
	 Шыны	Аз ластанған ыдыстар және шыны ыдыс-аяқтарды жууға арналған.
	 Hygienecare+	Ыдыс-аяқ пен шыны ыдыстарды 72°C жоғары су температурасында дезинфекциялауға арналған.
	 MachineCare+	Бұл бағдарлама ыдыс-аяқ жуатын машинаның өзін жуу үшін арналған.
№12 Ескерту индикаторлары	 Шайғыш зат	Егер «» индикаторы жанып тұрса, шайғыш зат жеткіліксіз және оны толтыру қажет.
	 Тұз	Егер «» индикаторы жанып тұрса, тұз жеткіліксіз және оны толтыру қажет.
	 Су	Егер «» индикаторы жанып тұрса, бұл су шүмегінің жабылғанын және су келмей тұрғандығын білдіреді.
№13	Кейінге шегерілген старт	- Кейінге шегерілген старт уақытын көрсету үшін. (3 сағат / 6 сағат / 9 сағат / 12 сағат

Бағдарламалардың сипаттамасы

Төмендегі кестеде әр түрлі ластану деңгейіндегі ыдыс-аяқтар үшін қандай бағдарламалар жақсы жұмыс істейтіні және қанша жуғыш зат қажет екендігі көрсетілген. Ол сонымен қатар бағдарламалар туралы әртүрлі ақпаратты көрсетеді. Төмендегі барлық деректер ECO бағдарламасын қоспағанда, болжамды болып табылады.

(●) шайғыш затты қосу қажеттілігін білдіреді

Бағдарлама	Бағдарлама кезеңдері	Жуғыш заттың шығыны	Ұзақтығы (минут)	Энергия шығыны (кВт/сағ)	Су шығыны (л)	Шайқау	KZ
 IntensiveCare+	Алдын ала Негізгі (72 °C) Шаю Шаю (70 °C) Кептіру	$\frac{5/30г}{1 - 2 \text{ таблетка}}$	178	1,575	15,4	●	
 Түн	Алдын ала (35 °C) Негізгі (60 °C) Шаю Шаю (65 °C) Кептіру	$\frac{5/30г}{1 - 2 \text{ таблетка}}$	270	1,400	14,6	●	
ECO (*EN50242)	Алдын ала (45 °C) Шаю Шаю (60 °C) Кептіру	$\frac{35 г}{1 - 2 \text{ таблетка}}$	220	0,937	11,0	●	
 90 минут	Алдын ала (60 °C) Шаю Шаю (65 °C) Кептіру	$\frac{35 г}{1 - 2 \text{ таблетка}}$	90	1,100	11,7	●	
 Жылдам	Негізгі (50 °C) Шаю Шаю (45 °C)	$\frac{25 г}{1 \text{ таблетка}}$	30	0,751	11,2	○	
 Шыны	Алдын ала Негізгі (50 °C) Шаю Шаю (65 °C) Кептіру	$\frac{5/30г}{1 - 2 \text{ таблетка}}$	120	1,100	14,3	●	
 HygieneCare+	Алдын ала Негізгі (72 °C) Шаю Шаю (70 °C) Кептіру	$\frac{5/30г}{1 - 2 \text{ таблетка}}$	159	1,485	14,5	●	
 MachineCare+	Алдын ала (72 °C) Шаю Шаю (65 °C) Кептіру	$\frac{5/30г}{1 - 2 \text{ таблетка}}$	150	1,350	11,0	●	

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

ECO Бұл бағдарлама тестілік бағдарлама болып табылады. EN 50242 сәйкес салыстырмалы тестке арналған ақпарат мынадай:
 (*EN50242) •өшірулі күйде тұтынылатын қуат – 0.45 Вт;
 •қосылған режимде – 0.49 Вт.

Ыдыс жуу машинасының себеттерін жүктеу

Ыдыс жуу машинасында жууға жарамдылығы туралы белгісі бар ас үй керек жарақтарын ғана сатып алыңыз.

Ыдыс-аяқтың жекелеген түрлері үшін мүмкін болатын ең төменгі температураны таңдаңыз.

Зақымдануды болдырмау үшін бағдарлама аяқталғаннан кейін бокалдар мен құрылғыларды ыдыс жуу машинасынан тікелей шығармаңыз.

Ыдыс-аяқ пен құрылғылардың келесі түрлері машинада жууға жарамсыз:

- Ағаштан, мүйізден, фарфордан немесе інжу-маржаннан жасалған тұтқалары бар ас құралдары;
- Ыстыққа төзімділігі жоқ пластикалық бұйымдар;
- Ыстыққа төзімді емес желімделген бөліктері бар ескі ас құралдары;
- Желімделген ас құралдары немесе ыдыс-аяқтар;
- Қалайы немесе мыс ыдыстары;
- Хрусталь шыны;
- Коррозияға ұшыраған болаттан жасалған бұйымдар;
- Ағаш тақтайшалар;
- Синтетикалық талшықтардан жасалған бұйымдар.

Жарамдылығы шектеулі

- Көп мөлшерде жуудан кейін әйнектің кейбір түрлері күңгірттенуі мүмкін;
- Күміс және алюминий бөлшектері жуу кезінде түсінің өзгеруіне бейім;
- Зерленген суреттері машинада жиі жуылған кезде түсінің өңіп кетуіне әкелуі мүмкін. Себеттерді жүктеу кезіндегі сақтық шаралары

Ыдыс жуу машинасының ең жоғары тиімділігіне қол жеткізу үшін берілген нұсқауларды орындаңыз. Ыдыс-аяқ пен құралдар себеттерінің функциялары мен сыртқы түрі құрылғының үлгісіне байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Ыдыс-аяқтан үлкен тамақ қалдықтарын алып тастаңыз. Табалардағы күйген тағам қалдықтарын алдын ала сулаңыз. Ыдыстарды ағынды сумен алдын ала шаю қажет емес.

Ыдыстарды машинаға келесідей салыңыз:

- Шыны-аяқтар, бокалдар, кәстрөлдер/табалар және т. б. сияқты заттарды төңкеріп қойыңыз.
- Су ағып кетуі үшін иілген немесе қуыс заттарды көлбеу орналастырыңыз.
- Барлық заттарды қауіпсіз және аударылып қалмайтындай етіп орналастырыңыз.
- Ас құралдары мен ыдыстарды жуу процесінде бүріккіштер еркін айнала алатындай етіп қойыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ыдыс жуу машинасына тым кішкентай заттарды салмаңыз, себебі олар себеттен түсіп кетуі мүмкін.

- Қуыс заттар, мысалы, шыны-аяқтар, бокалдар, кәстрөлдер / табалар және т. б. заттың ішінде немесе қуыстарда судың жиналуын болдырмау үшін төңкеріп орналастырыңыз.
- Ыдыс-аяқ пен ас құралдарын бір-бірінің ішіне немесе басқа заттардың үстіне қоймаңыз.
- Бокалдар бір-біріне жанаспауы керек, әйтпесе олар зақымдалуы мүмкін. Тігінен орнатылған ұзын пышақтар қауіпті!
- Ұзын және / немесе өткір құрылғылар, мысалы пышақтар жоғарғы себетке көлденеңнен орналастырылуы керек.
- Ыдыс жуу машинасын шамадан тыс жүктемеңіз. Әйтпесе, жуу тиімділігінің жеткіліксіздігі және электр энергиясының жоғары шығынының қаупі бар.

Ыдыстарды алу

Судың үстіңгі себеттен астыңғы себетке ағып кетуіне жол бермеу үшін алдымен астыңғы себетті, содан кейін үстіңгі себетті босатуды ұсынамыз.

⚠ ЕСКЕРТПЕ



ЫСТЫҚ ЫДЫС! Күйіп қалмас үшін бағдарлама аяқталғаннан кейін шамамен 15 минут ішінде шыны мен ас құралдарын ыдыс жуу машинасынан шығармаңыз.

KZ

Үстіңгі себетті жүктеу


Үстіңгі себет шыны-аяқтар, кофе және шай шыны-аяқтары мен табақшалар, сондай-ақ табақтар, кішкене тостағандар және таяз табалар сияқты жұқа, жеңілірек ыдыстарға арналған (егер олар тым лас болмаса).



Ыдыс-аяқ пен ас үй ыдыстарын судың шашырауы оларды қозғалтпайтындай етіп орналастырыңыз.

Төменгі себетті жүктеу

Төменгі себетке кәстрөлдер, табалар, қақпақтар, ыдыс-аяқтар мен тостағандар сияқты үлкен және тазалау қиын заттарды суретте көрсетілгендей салуды ұсынамыз.



Үстіңгі бүріккіштің айналуына тосқауыл қоймас үшін табақтар мен қақпақтарды себеттердің бүйір жағына қойған дұрыс.

Жұғыш зат мөлшерлегішінің алдына қойылатын табақтардың ұсынылатын максималды диаметрі оны ашуды қиындатпау үшін 19 см құрауы керек.


Ас үй құралдарына арналған себетті жүктеу

Ас үй құралдарын сөреге немесе ас үй құралдары себетіне сәйкес орындарға бөлек қою керек. Тазалаудың жеткіліксіз болуын болдырмау үшін ас үй құралдарын бір жерде топтамаңыз.

Себетті жүктеу нұсқасы


Ыдыс-аяқ пен ас үй құралдарын су ағындарының әсерінен қозғалмайтындай етіп орналастырыңыз.

1. Үстіңгі себет





Нөмірі	Атауы
1	Шыны-аяқтар
2	Табақшалар
3	Стақандар
4	Кішкене табақтар
5	Орташа табақтар
6	Үлкен табақтар

2. Төменгі себет



Нөмірі	Атауы
7	Десерт табақтары
8	Түскі ас тәрелкелері
9	Сорпа тәрелкелері
10	Сопақ табақ

4. Ас үй құралдары себеті:



Нөмірі	Құрал
1	Сорпа қасықтары
2	Шанышқылар
3	Пышақтар
4	Шай қасықтары
5	Десерттік қасықтар
6	Сервистік қасықтар
7	Сервистік шанышқылар
8	Шөміш


Себетті жүктеу бойынша кеңестер

Үстіңгі себетті биіктігі бойынша реттеу


Үстіңгі себетке де, төменгі себетке де үлкен табақтарды орналастыру үшін үстіңгі себеттің биіктігін оңай реттеуге болады.

Себеттің биіктігін реттеу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:


1. Үстіңгі себетті жылжытыңыз.




2. Үстіңгі себетті алыңыз.



3. Себетті үстіңгі (немесе төменгі) роликтерге бекітіңіз.



4. Үстіңгі себетті сырғытыңыз.



Шыныаяқ сөрелерін жүктеу


Үстіңгі себеттегі биік заттарға орын босату үшін шыныаяқ сөресін жоғары көтеріңіз. Содан кейін оған биік стақандарды сүйеп қоюға болады.




Төменгі себеттің қадауларын жинау

Төменгі себеттің қадаулары табақтар мен ыдыстарды ұстауға қызмет етеді. Үлкен заттарға орын босату үшін оларды төмендетуге болады.

Жоғары көтеру




Төмен түсіру




Ас құралдары себетін пайдалану бойынша кеңестер

1. Екі жартысын да тегіс қоюға болады.




KZ

2. Оң жақ себетті сол жаққа жылжытуға болады.



3. Оң жақ себетті алып тастауға болады.



● НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Судың кермектігі аймаққа байланысты өзгереді. Ыдыс жуу машинасында кермек суды пайдаланған кезде, ыдыс-аяқ пен ас үй ыдыстарында шөгінділер пайда болады. Бұл үлгі суды жұмсартатын құрылғымен жабдықталған, ол судан әк пен минералдарды кетіру үшін арнайы жасалған тұз контейнерін пайдаланады. Ыдыс жуу машиналарына арналған арнайы түйіршікті тұзды ғана қолданыңыз.

Тұз контейнері төменгі себеттің астында орналасқан және төменде сипатталғандай толтырылуы керек.


KZ

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ыдыс жуу машиналары үшін арнайы жасалған тұздарды ғана қолданыңыз! Ыдыс жуу машиналарында арнайы қолдануға арналмаған кез келген басқа тұз, әсіресе ас тұзы суды жұмсартатын құрылғыны зақымдауы мүмкін. Дұрыс емес тұзды қолданудан туындаған зақым болған жағдайда, өндіруші ешқандай кепілдік бермейді және келтірілген залал үшін жауап бермейді.

Циклды бастамас бұрын тұзды толтырыңыз.

Тұз контейнерін толық жуу циклын бастамас бұрын толтырыңыз. Бұл ыдыс жуу машинасының түбінде тұз кристалдарының немесе төгілген тұзды судың ұзақ уақыт болуын және коррозияның пайда болуын болдырмайды.



1. Себетті шығарып, тұз контейнерінің қақпағын бұрап алыңыз.
2. Бірінші жуудың алдында тұз контейнеріне 1 литр су құйыңыз.
3. Құйғышты (жиынтыққа кіреді) контейнердің саңылауына салып, шамамен 1,5 кг тұз қосыңыз. Контейнерден аз мөлшерде су төгілуі - қалыпты жағдай.
4. Контейнерді толтырғаннан кейін қақпақты сағат тілімен бұрап жабыңыз.
5. Тұзды жүктегеннен кейін тұз деңгейінің индикаторы сөнеді.
6. Тұз контейнерін толтырғаннан кейін бірден жуу бағдарламасын бастаңыз (шаю немесе жылдам жуу режимі ұсынылады). Әйтпесе, тұзды су сүзгі жүйесін, сорғыны немесе құрылғының басқа маңызды бөліктерін зақымдауы мүмкін. Мұндай зақым кепілдікке кірмейді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

1. Тұз контейнерін басқару панеліндегі тұз деңгейінің индикаторы жанған кезде ғана толтыру керек. Тұздың ерігіштігіне байланысты резервуар толтырылғаннан кейін индикатор жанып тұруы мүмкін. Егер басқару панелінде тұз деңгейінің индикаторы болмаса (кейбір үлгілерде), резервуарды толтыру мерзімін өткен жуу циклдерінің саны бойынша анықтауға болады.

2. Жуу камерасына тұз төгілсе, камерада артық тұзды кетіру үшін шаю немесе жылдам жуу бағдарламасын іске қосыңыз.

Тұз шығынын реттеу

Тұз шығыны деңгейін өзіңіз су кермектігі реттегішінің көмегімен орнатуыңыз керек. Ыдыс жуу машинасына арналған тұз судан құрылғының жұмысына теріс әсер ететін минералдар мен тұздарды кетіруге арналған.

Минералдар неғұрлым көп болса, су кермектігі соғұрлым жоғары болады.

Тұз шығыны аймағыңыздағы су кермектігіне қарай реттелуі керек. Аймағыңыздағы судың кермектігі туралы ақпарат алу үшін жергілікті коммуналдық қызметтерге хабарласыңыз. Ыдыс-аяқ жуатын машина пайдаланылатын судың кермектігіне байланысты тұтынылатын тұз мөлшерін реттеуге мүмкіндік береді. Бұл тұзды тұтыну деңгейін оңтайландыруға және реттеуге арналған.

Тұз тұтынуды реттеу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Есікті жабыңыз және құрылғыны қосыңыз;
2. Құрылғыны қосқаннан кейін 60 секунд ішінде тұз шығынын орнату режиміне өту үшін «Бағдарлама» түймесін 5 секунд басыңыз.
3. Су кермектігіне байланысты тұз шығыны деңгейін таңдау үшін «Бағдарлама» түймесін басыңыз. Өзгеріс келесі ретпен жүреді: H3->H4->H5->H6->H1->H2->H3;
4. Баптауды аяқтау немесе қалыпты режимге оралу үшін 5 секунд күтіңіз немесе «Қосу/өшіру» түймесін басыңыз.

СУДЫҢ КЕРМЕКТІГІ		Дисплейдегі көрсеткіш	Әрбір n-ші бағдарламадан кейін регенерация3)	Тұзды тұтыну, г/цикл
к1)	Ммоль /л2)			
0-1.88	0 - 0.94	H1 (Бұлтты бағдарламалар)	Регенерациясыз	0
2.0-4.0	1.0 - 2.0	H2 (Жылдам)	10	9
4.2-6.0	2.1 - 3.0	H3 (Бұлтты, Жылдам)	5	12
6.2-8.0	3.1 - 4.0	H4 (90 мин)	3	20
8.2-12.0	4.1 - 6.0	H5 (Бұлтты, 90 мин)	2	30
12.2-19.6	6.1 - 9.8	H6 (90 мин, Жылдам)	1	60

$f_{dH}=1,25 \text{ Кларк}=1,78 \text{)}$ $f_{fH}=0,178 \text{ ммоль / л}$

Зауыттық параметр: H3

Регенерация операциясы бар әрбір цикл қосымша 2,0 литр суды тұтынады, қуат тұтынуы 0,02 кВтсағ артады және бағдарлама 4 минутқа созылады.

Зауыттық баптау: H3

1) ҚР-да судың кермектігі қаттылық градусымен (°K) көрсетіледі. 1 °K литріне 1/2 миллимоль сәйкес келеді (1 °K = 1 мг-экв / л).

2) миллимоль/литр, су кермектігінің халықаралық бірлігі

3) Егер регенерация бағдарламаға енгізілген болса, ол қосымша 2 литр суды жұмсайды, 0,02 кВт/сағ және оның уақытын 4 минутқа ұзартады.

Шайғыш зат пен жуғыш заттың функциясы

Шайғыш зат ыдыстарда дақтар мен жолақтардың пайда болуын болдырмау үшін соңғы шаю циклі кезінде мөлшерлегіштен босатылады. Ол сондай-ақ судың ыдыс-аяқтан ағып кетуіне мүмкіндік беру арқылы кептіруді жақсартады. Сіздің ыдыс жуу машинаңыз сұйық шайғыш затты қолдануға арналған.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

KZ

Ыдыс-аяқ жуатын машинаға арналған жуғыш затты қолданыңыз. Ешқашан шайғыш резервуарына басқа заттарды құймаңыз(мысалы, ыдыс жууға арналған жуғыш зат, сұйық тазалағыш заттар). Бұл құрылғыны зақымдауы мүмкін.

Шайғыш затты қашан құю керек

Мөлшерлегішті толтыру жиілігі ыдыс-аяқтың қаншалықты жиі жуылатынына және шайғыш заттың бапталғанына байланысты. Шайғыш зат төмен деңгейінің индикаторы (※) оны толтырып құю қажет болғанда жанады. Шайғыш зат мөлшерін шамадан тыс толтырмаңыз.

Жуғыш заттың функциясы

Химиялық қоспалары бар жуғыш заттар ластануды ыдырату және оларды ыдыс жуатын машинадан шығару үшін қажет. Ыдыс жуу машиналары үшін арнайы жасалған жуғыш заттарды ғана пайдаланыңыз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жуғыш затты дұрыс қолдану

Ыдыс жуу машинасында пайдалану үшін арнайы жасалған жуғыш заттарды ғана қолданыңыз. Жуғыш затты құрғақ ұстаңыз.

Ыдыс жуу машинасын іске қоспайынша, мөлшерлегішке жуғыш затты салмаңыз.



Ыдыс-аяқ жуатын машинаға арналған жуғыш зат ұлы болып табылады! Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.


Шайғыш затты құю

Шайғыш зат ыдыстарда дақтар мен жолақтардың пайда болуын болдырмау үшін соңғы шаю циклі кезінде мөлшерлегіштен босатылады. Ол сондай-ақ судың ыдыс-аяқтан ағып кетуіне үмкіндік беру арқылы кептіруді жақсартады. Сіздің ыдыс жуу машинаңыз сұйық шайғыш затты қолдануға арналған.


1. Резервуардың қақпағын жоғары көтеру арқылы ашыңыз.



2. Шайғыш затты резервуарға құйыңыз, оны шамадан тыс толтырмаңыз.



3. Соңында қақпақты жабыңыз.



Шайғыш зат шығынын реттеу


Шайғыш зат шығынын орнату үшін сізге қажет:

- Есікті жауып, құрылғыны қосыңыз.
- Қосылған сәттен бастап 60 секунд ішінде «Бағдарлама» түймесін басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз, содан кейін баптау режиміне өту үшін «Кейінге шегерілген старт» түймесін басыңыз, шайғыш зат индикаторы жыпылықтай бастайды.
- Шайғыш зат шығынын баптауды таңдау үшін «Бағдарлама» түймесін басыңыз. Баптау келесі ретпен өзгереді: d3->d4->d5->d1->d2->d3. Мән неғұрлым жоғары болса, шайғыш зат шығыны соғұрлым көп болады.
- Баптауды аяқтау үшін қосу түймесін басыңыз. Сондай-ақ, 5 секунд ішінде ешбір түйме басылмаса, ыдыс жуу машинасы шайғыш заттың шығынын сақтайды және бағдарламаны таңдау режиміне өтеді.


Шайғыш зат шығыны деңгейі	Индикаторлар
d1	Бұлтты бағдарламалар
d2	Жылдам
d3	Бұлтты бағдарламалар, Жылдам
d4	90 мин
d5	90 мин, Бұлтты бағдарламалар

Жуғыш затты қосу


1. Түймені басу арқылы қақпақты ашыңыз.



3. Қақпақты алға қарай сырғытып, төмен басу арқылы жабыңыз.



2. Негізгі жууға арналған негізгі бөлімге (А) жуғыш затты қосыңыз. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін, әсіресе, егер сізде өте лас ыдыс болса, есікке аз мөлшерде жуғыш зат қосыңыз (В). Қосымша жуғыш зат алдын ала жуу кезеңінде іске қосылады.



● НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жуғыш заттарды пайдалану жөніндегі өндірушілердің ұсыныстарын орындаңыз.

Қуатты үнемдеу бойынша кеңестер

1. Ыдысты алдын ала шаю су мен энергияның жоғары шығынына әкеледі.
2. Ыдыс жуатын машинада ыдыс жуу әдетте, егер ыдыс жуатын машина нұсқаулыққа сәйкес пайдаланылса, ыдыстың ұқсас мөлшерін қолмен жууға қарағанда аз энергия мен суды талап етеді.

Жуу бағдарламасын бастау

KZ

- Ыдыс-аяқ пен ас құралдарын себетке салыңыз («Себеттерді жүктеу» бөлімін қараңыз). Алдымен төменгі, содан кейін үстіңгі жағын жүктеу ұсынылады.
- Жуғыш затты қосыңыз («Жуғыш затты қосу» бөлімін қараңыз).
- Ашаны розеткаға қосыңыз. Қуат көзі 220-240 В айнымалы тоғы 50 Гц. Қажетті розетка параметрлері: 10 А 250 В айнымалы тоғы. Су шүмегі толығымен ашық екеніне көз жеткізіңіз.
- Есікті жабыңыз. Құрылғыны қосу үшін қуат түймесін басыңыз.
- «Бағдарламалар кестесі» бойынша сәйкес бағдарламаны таңдаңыз.
- Бағдарлама таңдалған кезде тиісті индикатор жанады. «Старт/Пауза» түймесін басыңыз, ыдыс жуу машинасы жұмысын бастайды.

Бағдарламаны ауыстыру

Жуу бағдарламасын тек цикл басында ғана өзгерте аласыз. Өйтпесе, жуғыш зат еріген, немесе жуғыш зат қосылған су төгілген болуы мүмкін. Бұл жағдайда бағдарламаны қайта іске қосу қажет.

Бағдарламаны өзгерту үшін келесі қадамдарды орындау керек:

1. «Старт/Пауза» түймесін бағдарламаны тоқтату үшін басыңыз.
2. «Старт/Пауза» түймесін басып, оны 3 секундтан артық ұстап тұрыңыз, машина бағдарламаны таңдау режиміне өтеді.
3. «Бағдарлама» түймесін керекті бағдарламаны таңдау үшін басыңыз, сосын қайтадан «Старт/Пауза» түймесін басыңыз.
4. Бірнеше секундтан соң құрылғы жұмысын бастайды.




Ыдысты салуды ұмытып кеттіңіз бе?

Ыдыс-аяқтарды жуу бағдарламасының басында ғана қосуға болады. Бұл жағдайда төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

1. Жууды кідірту үшін «Старт/Пауза» түймесін басыңыз.
2. Бүріккіштер тоқтағаннан кейін есікті ашуға болады.
3. Естен шыққан ыдысты салыңыз.
4. Есікті жабыңыз.
5. «Старт/Пауза» түймесін басыңыз, ыдыс-аяқ жуатын машина 10 секундтен кейін жұмысын жалғастырады.

5 секундтан соң




⚠ ЕСКЕРТПЕ

Жуу кезінде есікті ашу қауіпті!
Ыстық будан күйіп қалу қаупі бар.

Ion Dishfresh иондау функциясын қолдану

Ion Dishfresh иондау бағдарламасы ыдыс жу машинасын зарарсыздандырады және оны иістен қорғайды. Ол жеке бағдарлама ретінде немесе әдеттегі бағдарламалардың кептіру кезеңінде жұмыс істей алады.

1. Ол кептіру кезеңінде жұмыс істейді. Бұл функциясын реттеудің қажеті жоқ және ол «Жылдам» функциясын қоспағанда, барлық бағдарламалардың кептіру кезеңінде жұмыс істейді.
2. Жеке Ion dishfresh бағдарламасын өзіңіз іске қоссаңыз болады. Уақытты орнату опциялары 30 мин, 45 мин немесе 60 мин (қолданба немесе басқару панелі арқылы). Уақытты орнатқаннан кейін панельде тиісті индикатор жанады. Бағдарламаны іске қосу үшін "Старт/Пауза" түймесін басыңыз.



ҚАШЫҚТЫҚТАН БАСҚАРУ

Smarthome қолданбасын жүктеңіз

Қолданбалар дүкенінде (Google Play Store, Apple App Store) Smarthome қолданбасын табыңыз. Оны телефоныңызға жүктеңіз және орнатыңыз. Төмендегі QR-кодты сканерлеп жүктеуге болады.



KZ

Тіркеліңіз және кіріңіз

SmartHome қолданбасын ашыңыз, бастау үшін жаңадан тіркеліңіз (үшінші тарап тіркеу арқылы да тіркелуге болады). Егер сіз бұрын тіркелген болсаңыз, оны қолданып қолданбаға кіріңіз.



Құрылғыларыңызды Smarthome қызметіне қосыңыз

1. Ұялы телефоныңыздың сымсыз желіге қосылғанын тексеріңіз. Олай болмаса «Баптау» мәзіріне өтіп, сымсыз қосылымды қосыңыз және желіні таңдап соған қосылыңыз.
2. Құрылғыңызды қосыңыз.
3. Телефоныңыздағы Smarthome қолданбасын ашыңыз.
4. «Жақын жерде табылған смарт құрылғылар» хабарламасы шықса, қосу үшін басыңыз.
5. Хабарлама пайда болмаса, беттегі «+» түймесін басып, қол жетімді құрылғылар тізімінен құрылғыңызды таңдаңыз. Құрылғы тізімде болмаса, құрылғы санатын және үлгісін көрсету арқылы оны қолмен қосыңыз.



6. Қолданбадағы нұсқауларға сәйкес құрылғыны сымсыз желіге қосыңыз. Қосылым сәтсіз болса, әрекетті жалғастыру үшін қолданбаның нұсқауларын орындаңыз.



● НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

1. Сіздің құрылғыңыздың қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
2. Желіге қосатын кезде телефонды құрылғыға барынша жақын ұстаңыз.
3. Телефоныңызды үйде сымсыз желіге қосыңыз және сымсыз желінің құпиясөзін білетіндігіңізге көз жеткізіңіз.
4. Сіздің бағдарлауышыңыз 2,4 ГГц ара қашықтығында істейтіндігін тексеріңіз, оны қосыңыз. Егер сіз 2,4 ГГц арақашықтықты сіздің бағдарлауышыңыз қолдай алатына көз жеткізе алмасаңыз бағдарлауыш өндірушісіне хабарласыңыз.
5. Құрылғы аутентификацияны қажет ететін сымсыз желіге қосыла алмайды. Әдетте бұл қонақүйлер, мейрамханалар және т.б. сияқты қоғамдық рындарға арналған желілер. Аутентификацияны қажет етпейтін сымсыз еліге қосылыңыз.
6. Тек әріптер мен сандарды қамтитын желі атауын пайдалану ұсынылады. Егер сіздің желі атауыңызда арнайы таңбалар болса, оны бағдарлауышыңызда да өзгертіңіз.
7. Ұялы телефондағы WLAN+ (Android) немесе WLAN Assistant (iOS) функцияларын құрылғы қосылар кезінде өшіріп қойыңыз.
8. Құрылғы бұрын сымсыз желіге қосылған болса, бірақ оны қайта қосу қажет болса, қолданбаның негізгі бетіндегі «+» түймесін басып, қолданбадағы нұсқауларға сәйкес құрылғыны құрылғы санаты мен үлгісі бойынша қайта қосыңыз.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ КҮТІМ

Сыртқы күтім

Есік және есік тығыздағышы

